

егемен  
Алғарасат

## Қазақстан бағыты айқын

Немесе төраға болғанда ұстанатын басымдықтарымыз туралы бірер сөз ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуге дайындық барысында Қазақстан өзінің басымдықтарын да айқындайды. Бұл – жаңа төрағаның ұйым билігінің басында болғанда жүргізуге тиісті негізгі мәселелері.

Әрине, қалыптасқан дәстүрге сәйкес, жаңа төраға алдымен өзіне дейін болған әріптесінің көтерген мәселелерін, оның қолға алған бастамаларының іске асуын да қадағалайды. Сөйтіп, төрағалар арасындағы жұмыстар ЕҚЫҰ-ның қағидаттары мен стандарттарына сәйкес жалғастырын тауып отырады. Сонымен бірге, жаңа төраға өзінің ұлттық немесе аймақтық мұддеге сәйкес келетін бастамаларын да көтереді. Әрине, олардың бәрі де ЕҚЫҰ-ның жалпы күн тәртібіне сәйкестендірілген өзекті мәселелер болуы шарт. Ұйымның сараптау орталықтары өзінің даму бағдарына сәйкес болатын әлеуеттер мен перспективаларды айқындалап, олардың басқа ұйымдардың жұмыстарына кедергі келтірмеу жағын да қадағалайды. Жаңа болатын төраға осы мәселелерді де ескере отырып, өзінің басымдықтарын дайындайды.

Бұгінгі күні еліміздің сыртқы саясат ведомствосы осы басымдықтарды айқындалап, олардың көптеген мәселелерін пысықтау жолында мақсатты жұмыстар жүргізу үстінде. Осы басымдықтар еліміздің геосаяси жағдайына, әлеуметтік-экономикалық және саяси даму ерекшеліктеріне, сыртқы саясаттағы ұстанымдарына сәйкес болатын тиімді әрекеттерге бағдарлануда. Мемлекетіміздің басымдықтары Қазақстанның ұлтаралық келісім мен конфессияларың төзімділік, аймақтағы қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау бағыттарындағы дүние жүзі мойындаған табыстары мен әлемде энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін жасау жолында атқарар рөліміз тұрғысынан анықталуы логикалық шешім болары сөзсіз. Сонымен бірге, Орталық Азиядағы пісіуі жетілген мәселелерді Қазақстан ЕҚЫҰ аумағындағы өзекті мәселеге айналдыруға тырысыры табиғи тілек. Бұл мәселелер де ЕҚЫҰ-ға мүші мемле-

кеттердің көбіне ортақ өзекті дүниелер.

Қазір әлем жүртшылығы Қазақстанның аймақтық және ғаламдық қауіпсіздікті сақтау бағытындағы, әсіресе, жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау, қарусыздану, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру, лаңкестікке қарсы күрес, діни экстремизм, өркениеттер арасындағы, мәдениет пен дін арасындағы үнқатысуларды терендету тараптарында жүргізіп отырған жұмыстарын жоғары бағалайды. Сондықтан да еліміздің сыртқы саясатында әлемнің сантүрлі өркениеті мен мәдениетіне төзімді, басқалардың да мұддесіне түсіністікпен қарай алатын және сонымен бірге, тең құқықты үнқатысуды, өзара тиімді келіссөздерді қалайтын келбеті қалыптасты. Осы қасиеттердің өзі ЕҚЫҰ төрағасы болатын елге аса қажетті дүниелер.

Енді Қазақстан басымдықтарына нақты бағыттар бойынша тоқталсақ, алдымен ауызға әскери-саяси және қауіпсіздіктің соғыссыз аспектілері оралады. Бүгінгі күні ғаламдық деңгейде, соның ішінде ЕҚЫҰ аумағында да жаңа қатерлер мен қауіптерге қарсы күрес өзекті мәселеге айналып отыр. Атап айтсақ, олар – терроризм мен экстремизмге қарсы күрес, ұйымдастырылған жұмыстарды жою, есірткінің зансыз айналымына, трафигіне тосқауыл және т.б. Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы болғандағы қызметінің ең бастыларының бірі, жоғарыда да айтып кеткеніміздей, өзінің бұрынғы әріптестерінің осы бағыттағы жұмыстарын жалғастыру болып табылады. Соның ішінде ұйым аумағында тұрақтылықты сақтау (бұл, әсіресе, Орталық Азия аумағына айрықша қатысты) алдыңғы орындағы міндеттердің бірі. Қазақстан төрағалық еткен кезде ЕҚЫҰ-ның Ауғанстандағы соғыстан кейінгі қалпына келтіру үдерістеріне оң ықпал ету туралы қабылдаған қарарының іске асуына күш салуына тұра келеді. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттерінің онымен екі арадағы шекарасын күшнейтуге ықпал ету де жаңа төрағаның кезіндегі ЕҚЫҰ міндеттерінің бірі болмақ. Өйткені, бұл іс есірткі бизнесінің өрістеуіне тосқауыл қоюды көздейді.

Қауіпті материалдар мен жаппай қырып-жоятын қаруларды таратпау мәселесі де ұйым төрағасы алдында күн тәртібінен

түспейтін басым жұмыс бағыты болатының жоғарыда айттық. Бұл, әсіресе, АҚШ Президенті Барак Обаманың ядролық қаруды реттеу туралы бастамасы жарияланғаннан кейін жаңа қырға көтерілген мәселе болып отыр. Үстіміздегі жылдың сәуір айында “Ұлкен жиырмалықтың” саммиті аясында АҚШ пен Ресей президенттері арасында биылғы жылдың аяғында күші бітептін Стратегиялық қаруларды қысқарту және шектеу туралы келісімнің орнына оны қысқартуды құқықтық тұрғыдан міндеттейтін күші бар жаңа келісім жасау туралы сөз болды. Бұл да Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуі кезінде осы мәселеге қосымша маңыз беруіне септігін тигізеді. Жаппай қарусыздану ісіне Қазақстан басшысының қосқан сұбелі үлесін ескерсек, бұл мәселе төрағалық ету барысында да салмақтанған түсірі сөзсіз. Әскери-саяси сала бойынша басымдықтар Қауіпсіздік жөніндегі ынтымақтастық форумының (ҚЫФ) “Ұштігіне” мүше елдердің отырысында анықталады. Басшысы француз әліпбіл бойынша тоқсан сайын ауысып отыратын бұл форумға Қазақстан 2011 жылдың аяғында төрағалық етептін болады.

Еуропаның болашақтағы қауіпсіздігі осы бағыттағы маңызды мәселенің бірі болып қала берері анық. 2008 жылды Ресей Федерациясы осы салада мүше елдердің бәріне міндеткерлік жүктейтін Еуропа қауіпсіздігі туралы келісім-шарт дайындауды ұсынды. Бірақ көптеген елдер мұндай келісімді Еуропаның ғана емес, барлық құрлықты қамтитын және бөлінбейтін қауіпсіздік тұрғысында қарастыру керектігін алға тартты. Үстіміздегі жылдың маусым айында Грекияның Корфу аралында ұйымның тарихында тұнғыш рет болған сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуінде басталған осы әңгіме “Корфу үдерісі” деген атау алып, қазір өзара келісімге қол жеткізу үшін ашық және кеңейтілген тұрдегі талқылаулар жүріп жатыр. Ұйымда төраға болу барысында Қазақстанға осы мәселені жылжыту бойынша да ұлкен салмақ жүктелері сөзсіз.

Енді басымдықтардың экономика-экологиялық өлшемдеріне тоқталалық. Бұлар ауызекі тілде ЕҚЫҰ-ның “екінші қоржынындағы” мәселелер деп аталады. Белгіленген регламентке сәйкес, Қазақстан биылғы жылдың өзінде 18-ші Экономика-экологиялық форумға (ЭЭФ) төрағалық етептін

болады. Оған дайындық жөніндегі алғашқы конференция қараша айында Қазақстанда өтеді. Ал қалған үшеріу 2011 жылы басқа елдерде болады.

Қазақстанның экономика саласындағы басты басымдығына ұйым мүшелерінің көлік транзиті әлеуетін арттыруға қолайлы саяси жағдай жасау жатады. Көлік саласындағы ынтымақтастық Қазақстан мен ЕО арасындағы өзара қарым-қатынастың басым бағыттарының бірі екенін естен шығармауымыз керек. Бұл – Қазақстанға екі құрылыммен де интеграциялық әріптестікті дамытуға қажетті жол. Соның ішінде ол “Еуропаға жол” бағдарламасын іске асыруға да толық мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылдың наурыз айында Қазақстан Венада 18-ші ЭӘФ-тің тақырыбын ұсынды. Ол “Шекаралар түйісіндегі пункттерде тиісті басқару жасау, ЕҚЫҰ аймағында жерусті көліктерінің қозғалыс қауіпсіздігін арттыру және халықаралық автомобиль мен темір жол көлігі қатынастарын жеңілдету” деп аталды. Осы тақырыптан өрбитін толып жатқан тақырыпшалар бар. Соның ішінде шекаралар түйісінде басқарудың үздік тәжірибесі; коррупцияға, заңсыз миграция мен терроризмге қарсы күресте үйлесімді болу үшін ұлттық заңнамалар мен нормативтерді біріздендіру; сауданы, кедендей процедуралар мен халықаралық көлікті қолдануды жеңілдету; инфрақұрылымдарды, көліктік және сауда айналымын дамыту; т.б.

“Екінші қоржындағы” мәселелерге экологиялық проблемаларды да шешу жататынын айттық. Осы орайда Қазақстан алдымен Аral теңізі проблемасын шешуге ЕҚЫҰ әлеуетін тартуды маңызды қадамына балап отыр. Оның қаншалықты нәтижелі боларын алдағы уақыт көрсетеді.

Гуманитарлық өлшем бойынша басымдықтарды анықтағанда, Қазақстан алдымен өзінің тәжірибесіне жүгінетіні анық. Посткеңестік кеңістікте барынша көп ұлтты болып келсе де Қазақстан өзінде бейбітшілікті сақтап, қоғамда тұрақтылық пен келісімге қол жеткізіп келеді. Еліміздің осы жетістігін арнаулы халықаралық ұйымдар, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның Аз ұлттар істері жөніндегі Бас комиссарының өзі жоғары бағалады.

Енді Қазақстан өзінің ЕҚЫҰ-да төрағалық ету мүмкіндігін пайдаланып, ұлттардың өзара төзімділік пен мәдениеттер арасындағы үнқатысулар ісін халықаралық деңгейде жылжытуды қолға алатын болады. Сонымен бірге, Қазақстан ЕҚЫҰ-ның осы саладағы тәжірибесін де байытатыны сөзсіз. Нақты істер қатарында жаңа төраға діндердегі төзімділік істері бойынша өзінің үш жеке өкілін тағайында мақшы. 2010 жылы діннің негізгі үш бағытына (антисемитизм, христиандар мен мұсылмандарға қарсылық) қарсы қойылған төзімсіздікті жою бойынша бәрін қамтыған конференция өткізілмекші және т.б. істер атқарылады деп жоспарланған.

Біз жоғарыда Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық ету барысында ұстанатын негізгі басымдықтарына жобамен шолу жасадық. Ал олардың нақты қандай екендігі 2010 жылдың қаңтар айында болатын ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңесінде жарияланып, ресми түрде тұсауы кесілетін болады.

Авторы: Жақсыбай Самрат.